

ӘОЖ 82(091)

Р. Бейсенбаева

Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің аға оқытушысы, ф.ғ.к., Қазақстан

### Мемуар табиғаты жөнінде бірер сөз

**Аңдатпа.** Бұл мақалада мемуарлық жанрдың шығу төркіні, оның жүйеленуі, қазақ әдебиеті тарихындағы тырнақалды мемуарлық шығармалар және олардың жанрлық ерекшелігі жайында көрнекті әдебиет зерттеушісі Б. Кенжебаевтың зерттеулері қарастырылған.

**Түйінді сөздер.** Мемуарлық жанр, әдеби-сын пікір

Естелік, табиғатында мемуарлық жанр. Солай бола тұра, естеліктің әдеби сынға әбден қатысы бар. Кезінде Москвадан «Л.М.» (әдеби мемуарлар) сериясы бойынша қызықты мемуарлық кітаптар жарық көрді. Бір дүркін жарияланған ол мемуарлық дүниелер екінші мәрте жарық көріп, тұтас кітапханаға айналды. Бұл – орыс әдебиетіндегі бір тағлымды дүние! Өзге ешбір елде мемуар тап осындай арнайы кітапханаға айналып жарық көрген емес. Дегенде ел болған соң, олардың өзге қайраткерлері сияқты, қалам қайраткерлері түрлі мемуарлық шығармаларға ден қоюы заңды.

Қазақ әдебиетінде де мемуарлық шығармалардың сан алуан үлгілері бар. Әдебиетші ғалым мемуарында әдеби сын пікір айтылмай тұрмайды. Б. Кенжебаевтың мемуар естеліктерінің сынға қатысы осы жерден келіп шығады.

Бейсембай Кенжебаев мемуарлық жанр туындыларына екі жүйеден келіп араласқан адам. Бірі – өз өмірінен тұтас естелік кітабын жазған. Ол әлі жарық көрген жоқ. Мемуардың бұл жүйесі – өз өмір жолы туралы естелік. Екінші жүйе – өзі аға тұтқан, өзі замандас жүріп, қанаттас еңбек еткен қаламгерлер жөнінде естелік мақалалары.

Б. Кенжебаев күнделік жүргізіп отырады екен. Ол күнделіктерде әдеби сын пікірлер молынан кездеседі.

Естелік мақалалар 1970 жылы жарияланған. Алашорда өкілдері ақталар, әдеби мұрасы қайтып оралар, оқырманын табар деген ой ол жылдары ешкімнің қаперіне кіріп те шыққан жоқ.

Ал, Бейсембай Кенжебаев болса, олар жөнінде мақала жазып, «Қазақ совет энциклопедиясына» [1] апарды, бірақ басылмайды. Бас редактор ол заманда атынан ат үркетін алаш зиялылары жайлы мақаланы шошына оқып

шығып, қабылдамай қайтарыпты. «Жиырмамыншы жылдардағы қазақ совет әдебиеті» (1961 ж.) сыни очерк кітабына олар жайында очерк жазып, енгізіпті. Бірақ цензура оларды алып тастайды. Арагідік қана Смағұл Садуақасов тізім арасында аталады.

Алашорда қайраткерлерін халық есіне түсіріп, оларды ұмыттырмаудың амалын жасауы, біріншіден – рухани ерлік; екіншіден – әдеби процесс белгілі бір жүйеге бағынған тұтас процесс, оны қаламгерлердің дүниетаным, көзқарастары үшін кінәлап жатпай, алаламай, бөлмей тұтас қарастыру қажет деген ойдан туған зерделі сыншы, зерек ғалым әрекеті.

Аталған естеліктер Алаш ардақтылары өмірінен мәлімет береді. Шығармаларын атап-атап таныстырады. Шығармаларын қалай жазғаны, халықтық сипатына дейін айтады. Мәселеге нақтырақ келсек, сыншы куәлігіне сенсек: М. Дулатұлы «Еңбекші қазақ» редакциясына тай мініп келеді. Халық мұң-мұқтажын қамтитын тақырып тапқыш. Ақ қағазға төнгенде шұғылдана, беріле жазады. Мақалаларына «Таймінер» деп қол қояды. М. Жұмабайұлы шәкірттеріне қамқор. Шәкірттерін шығармашылыққа баулиды. Ерінбей олардың жазғандарын өңдеуге бар. Табиғатында орыстың эстетик ақындарымен көбірек араласады. «Тоқсанның тобы» – халықтық шығарма болатын.

Бірде қаламгер өмірі, шығармашылығы жөнінде мәлімет беру, кемінде шығарманың қалай туғаны жайында шығармашылық лабораториялық, тағы бірде дүниетаным мен шығармашылық арасы дегендей сыни, ғылыми мәселелер осы естеліктерде қамтылып отыр.

Сыншы естелігінің әдеби сынға қатысы, міне, осы аралықтан келіп шығады.

Аталған естеліктер мемуардың естелік-мақала түріне жатады. Онда көзкөрген жайды шығармашылық үдеріспен байланыстыру бар. Тотолитарлық жүйе бар күшінде зар күйінде тұрған кезеңде осындай естелік жазылуы – елдік, елдікті ойлаған сыншы еңбегі – ерлік!

Келесі бір жүйе естеліктер С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин жөнінде.

Отызыншы жылдардың аяғында саяси қуғын-сүргінге ұшырап, атылып кеткен ұлт зиялыларының алпысыншы жылдардағы «жылымыққа» дейін аты аталмай, шығармаларын қолға тигізбей, жабық күйде ұсталды. Бүгінгі тәуелсіздікке орай әртүрлі бағаланып жүруіне қарамастан қазақ әдебиетін профессионалдык биігіне көтеріскен, бұрын болмаған жанр үлгілерін жасаған, қажетіне қарай жазушылықпен бірге ғалымдықты қатар алып жүруге мәжбүр болған Сәкен, Илияс, Бейімбетпен Б. Кенжебаев ағалы-інілідей қатар жүрген, кейбірімен бір үйде тұрған, бір редакцияда қатар жұмыс істеген, қаламдас ретінде әдебиетте өзара сынасқан, өмірде өзара сыйласқан.

Өмірде аз жасаса да, өнерде көп іс атқарып кеткен бұл үш тұлға жайында Б. Кенжебаев естелігі маңызды.

Сәкен жөніндегі естелігінде (Шынайы талант «Қазақстан мұғалімі» 19 қазан, 1984 жыл) шығармасын сынап, өзара жауаптасып, баспасөз бетінде айтысып қалғаны (оны баспасөз материалдары да қостайды), «Билер дәуірі әдебиеті» жарық көрген тұста тағы мақала жазып, «Е, сыншы бұл жолы да дұрыс жазыпсың» деген бәрекедді сөзін естігені өмірлік адами қарым-қатынас қана емес, сөз өнеріндегі полемика, яки сын; өзара сын!

Ғалымның келесі бір еңбегі «Тар жол, тайғақ кешу» деп аталады. «Шындық және шеберлік» [2] атты мақалалар жинағында (1966) жарық көрген еңбек кейін де осы атпен «Жылдар жемісіне» енген (1984) «бұл мақаланың мақсаты – шығарманың жанрлық ерекшелігі жайында әңгіме қозғау» [2.55].

Зерттеуші одан әрі: «Тар жол, тайғақ кешудің» көркем әдебиеттің қай жанрына жататынын әңгімелеуге үлкен негіз бар. Себебі бұл туынды роман ба, мемуар ма, әлде тарихи еңбек пе, соны осы шығарма жөніндегі, әдеби зерттеулер тап

басып дәл айтпайды. Ал, онсыз шығарманың тарихи орнын белгілеу қиын», – дейді.

60-жылдар С. Сейфуллин енді ғана ақталып, жаңа зерттеулер жүріп жатқан кез, сол себепті зерттеуші Сәкен жөнінде еңбек жазған С. Мұқанов пен Е. Ысмайыловтың «Тар жол, тайғақ кешудің» жанрын анықтаудағы қарама-қайшы пікірлеріне көбірек тоқталады, сөйтіп, С. Мұқановтың бірде «күрделі роман», бірде «мемуар» деп тоқтағанын, ал Е. Ысмайыловтың «мемуарлық роман», «роман» деп бағалайтынын айта отырып, «қайсысы дұрыс?» деген сұрақ қояды.

С. Мұқановтың романға жатқызбай мемуар деп тануы дұрыс, бірақ, ол «жалпылама, жеткіліксіз» деген пікірді алға тартады. Осылай деп келген ғалым-зерттеуші күтпеген, тың пікір ұсынады: «Біздіңше, «Тар жол, тайғақ кешу» роман да емес, мемуар да емес, Қазақстанда Совет өкіметін орнату жолындағы күрес туралы жазылған очерк кітабы деген дұрыс. «Тар жол, тайғақ кешу» – көркем очерктер циклы» [2.56].

Ғалымның роман емес деген пікірі бұған дейін болған, ол енді мемуар жөнінде Б. Кенжебаевтың «Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуындағы» пікірін еске түсірген орынды тәрізді. Ол ««Тар жол, тайғақ кешуді» роман деушілер бар. Олар жаңылысады. Өйткені роман деуге күрделі сюжет, негізгі кейіпкер жоқ. Ол кей ретте бір қос көркем жазылған эссе, кей ретте болған жағдайды публицистикалық баяндау, кей ретте мақалалар жинағы, тұтас алғанда, әлгі айтқан, жақсы мемуар» [3.338].

Ғалым осы ретте сол кезеңдегі әлі теориялық тұрғыдан жүйелене қоймаған мәселелердің бетін ашып, жанрлардың ерекшелігін атай отырып бірізділікке түсіруге тырысқан. Ғалымның жанр табиғатын ашу, олардың ара жігін айыру туралы пікірлері әдебиет теориясы үшін құндылығы зор дүниелер.

### Әдебиеттер

- 1 ҚРМОА. 1739 қор. – №1 тізбе. – 3 іс. – 34 б.
- 2 Кенжебаев Б. Шындық және шеберлік. – А.: Жазушы. 1966. – 264 б.
- 3 Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – А.: Жазушы, 1986. – 400 б.

\*\*\*

В этой статье рассматривается происхождение мемуарных жанров, их классификация и исследования известного литературоведа Б. Кенжебаева о первых мемуарах истории казахской литературы и их жанровых особенностях.

\*\*\*

In this article are considered the origin of memoirs genres, its classification and research of the known literary critic of B. Kenzhebayev about the first memoirs of history of the Kazakh literature and their genre features.